

5. Скредина Л.М. Романоязычные и германоязычные ареалы. (Языковые ситуации, интерференции, региональные различия) / Ленинградский гос. пед. институт им. А.И. Герцена, [Ред. кол.: Л.М. Скредина (отв. ред.) и др.]. Л.: ЛГПИ, 1983. С. 53.
6. Сланевская Н.М. Языковая политика в США, Канаде, Швейцарии, Франции, Испании и Бельгии // Клио. СПб., 2004. 4. С. 96.
7. Buchi C. Mariage de raison: Romands et Alémaniques, une histoire Suisse / Traduction de l'allemand par Ursula Gaillard. Carouge (Genève): Editions Zoé, Cop. 2001. P. 279.
8. Constitution fédérale de la Confédération suisse du 18 avril 1999. Art. 4. Langues nationales.
9. Recueil des législations linguistiques dans le monde / Textes recueillis et colligés par J. Leclerc. T. 3. La France, le Luxembourg et la Suisse. Québec: Centre international de recherche en aménagement linguistique, 1994. P. 98.

УДК 372.881.1

## КӨПТІЛДІ БІЛІМ БЕРУДІҢ БОЛАШАҒЫ

**Алдабек Жансая Достыққызы**

[zhansaya\\_0725@mail.ru](mailto:zhansaya_0725@mail.ru)

Әлеуметтік ғылымдар факультетінің 2 курс студенті, Л.Н.Гумилев атындағы  
Еуразия ұлттық университеті Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – Ж.Т. Кулахметова

Қазақстан әрдайым қостілді мемлекет болған. Қазіргі уақытта Қазақстанда қазақ тілі мен орыс тілін білмейтін адамдар жоқтың қасы деуге болады. Қостілді қоғам біз бостандық алғаннан басталған болатын. Не себепті? Әрине біз Совет өкіметінің бодандығында болып өз тіліміздің шырайынан айырылып қалдық деуге болады. Бірақ қазіргі уақытта оны біз қалпына келтіріп жатырмыз. Аға буын өкілдері мүмкін орыс тілін көбірек қолданып сөйлейтін шығар, бірақ қазіргі жастар арасында қазақ тілінің майын тамызып сөйлейтіндерді көруге болады. Егер аға буыннан сіз не себепті қазақ тілінде таза сөйлемейсіз деп сұрайтын болсақ, олар бізге "Біздің кезімізде орысша сөйлеу сәнде болған" деп жауап береді.

Бірақ біз оларды кінәлай алмаймыз, себебі біз енді ғана аяғымыздан нық тұра бастаған едік. Орыс тілі біздің қоғамға мүлде керек тіл деп айта алмаймыз. Себебі, қазақ тілі мемлекеттік тіл болса, онда орыс тілі ұлтаралық тіл. Не себепті орыс тілі ұлтаралық тіл? Себебі, орыс бодандығынан шыққаннан кейін көптеген шетелдіктер Қазақстанға келген болатын. Біз үшін бұл үлкен мақтаныш. Сол шетелдіктер үшін ыңғайлы тіл орыс тілі болған. Себебі сол шетелдіктердің көбісі бодандықтан шыққан мемлекеттердің тұрғындары болған. Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев тек қана өзінің жеке мақсаттарын ғана алдыға қоймай, сонымен қатар шетел асып келген адамдар үшін де бәрін ыңғайлаған болатын.

Мемлекеттік тілді дамытуға қоғамдық қамқорлықты жұмылдыру мақсатында Елбасы 2008 жылы «Мемлекеттік тілді дамыту қорын» ұйымдастыруды ұсынды. Сол жылы 5-қыркүйекте ҚР Тұңғыш Президенті қорынан 48 млн. теңге бөлінген болатын. Бұл қордың мақсаты мемлекеттік тілді дамытуға бағытталған түрлі тиімді жобаларды іске асыру болды. Бүгінгі таңда елімізде Президенттің 2011 жылғы 29-маусымындағы Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» жүзеге асырылуда [1].

Бағдарламаның негізгі мақсаты – 2020 жылға таман Қазақстандағы ересек тұрғындардың 90 пайызы мемлекеттік тілді білуі тиіс. Ал орта мектепті бітірген түлектердің қазақ тілінде сөйлеуін 100 пайыз қамтамасыз ету белгіленді. Үш тұғырлы тіл принципі бойынша 2020 жылы ел халқының 20 пайызы ағылшын тілін меңгеруі керек. Ал үш тілді бірдей меңгерген азаматтар саны 15 пайызға жетеді деп жоспарлауда. Мемлекеттік БАҚ-тағы қазақ тіліндегі контенттің үлес салмағын 2014 жылы 53, ал 2020 жылы 70 пайызға жеткізу

белгіленді. Яғни осы бағдарлама аясында көптеген жаңа мүмкіндіктер ашылған болатын. Қазіргі уақытта біздің қоғамда үштілділік аяғын нық басып тұрды [2].

2017 жылы мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедұлының айтқан мәліметтері бойынша Қазақстандықтардың 83,1%-ы қазақ тілін жетік меңгерген. Қазақстанда толтырылған барлық құжаттардың 92%-ы қазақ тілінде жазылған. Қостілді мемлекеттің аса бір көзге көрінетін айырмашылығы ол жұмысқа немесе басқа жерлерде адамның екітілді білуі болып табылады. Ал қазіргі қоғамда артық бір тілді білу ол адамның жеке сапасына және жұмысына қосымша көмек [3].

Қазақстандық жастар ешқашан орыс тілін немесе қазақ тілін оқып жаттап аса қатты қиналмайды. Себебі кішкене кезінен олар аулада басқа ұлт өкілдерімен сөйлесіп тілдерін жаттықтырып алады. Ал тіл үйренуде практика әрдайым сапалы әрі сенімде құрал болып табылады. Қазақ тілінің аса бір ерекшелігін айта кету керек ол әр жердің өз қазақи сөздері бар. Бұл қазақ тілінің басқа тілдерден айырмашылығы деп айтуға болады.

2006 жылы қазан айында Қазақстанның алғашқы президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақстанның халықтар Ассамблеясында болған XII сессиясында үштілді білу қазақстандық балалардың болашағына маңызды екенін атап өткен. Қазіргі уақытта мектептерде маңызды пәндерді ағылшын тілінде сабақ беру туралы шешім қабылданған болатын. Бірақ мәліметтерге сәйкес Қазақстан бойынша 7400 күндізгі мектептің 153 мектебі ағылшын тілінде сабақ береді екен [3].

Әлемдік ғаламдандырудың өткізгіші, ғаламдандыру тілі болып танылған ағылшын тілін білу - ағылшын тілді елдермен тиімді байланысқа түскен әлемдік деңгейде өз орнын ойып тұрып ала бастаған Қазақстан үшін қажеттілік. Қиындық туғызатыны - аталған үш тілді меңгерген мамандардың кездесе бермейтіні. Қазақ, ағылшын, орыс тілі қатысқан үштілділік сөйлермендерін дайындау кезек күттірмейтін мәселе.

Елбасы «Қазақстан - 2050» стратегиясы - қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Біз ағылшын тілін игеруде серпіліс жасауымыз керек» - деген [4]. Демек, ағылшын тілін білмей, заман талабына лайықты, бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыруға толық қол жеткізе алмаймыз. Іргелес мемлекеттерден анағұрлым ілгері тұрған Қазақстан қазіргі жетістіктерімен шектеліп қалмау үшін де көптілділікке ұмтылуда. Өйткені, еліміздің біліктілігі мен сауаттылық деңгейін әлемге танытып, алпауыт мемлекеттермен тереземізді теңестіру мүмкіндігіне жетелейтін қадамдардың маңыздысы – көптілділік. Бірақ та 2019 жылы барлық мектептер ағылшын тілінде сабақ беруді бастауы қажет болған. Ол жоспар бойынша химия, физика және информатика тілдері ағылшын тілінде, тарих мемлекеттік тілде, ал орыс әдебиеті орыс тілінде берілуі керек болған. Тілдер туралы біраз ақпараттарды айта кететін болсақ.

Егер біздің қоғамымызды үштілді қоғамға ауыстыратын болсақ, бізге одан не пайда?

Ең алдымен ағылшын тілінің әлемде қандай орын алатынын анықтайық. 2014 жылғы englex сайтының мәліметтері бойынша Әлемдегі 85% ұлтаралық конференция мен ұйымдар ағылшын тілін пайдаланады. Яғни көптеген ұйымдар ағылшын тілін пайдаланады. Әлемдегі 28% кітаптар ағылшын тілінде басылып шығарылады. Сонымен қатар 50% ғылыми-техникалық шығарылымдар ағылшын тілінде шығарылады. Желідегі мәліметтердің 90% ағылшын тілінде, 700 млн. адамдар ағылшын тілінде шет тілінде сөйлегендей сөйлейді. Ал әлем бойынша 1 100 000 000 адам ағылшын тілінде сөйлейді. Әлем бойынша ағылшын тілін үйренгісі келетіндердің саны күннен күнге өсуде. Филологтардың айтуы бойынша әлемдегі ең ұлы әрі бай тіл болып есептеледі. 500 мың ғылыми және техникалық терминдер сөздікке енген. Телеграмдағы жазылған хабарламалардың 75% ағылшын тілінде жазылады екен [5].

Ағылшын тілі — қазақ жерінің жаңа әлемге ашар есігі. Үштілділікті үрейлі кейіпте елестететін кейбір ағаларымыз «мұны ең соңғы өлу деп те қорқатындығын» жасырмайды. Біз өзге тілдерден қорықпауымыз керек. Керісінше, сол тілдерді пайдалана отырып, өзімізді өзгелерге таныта білуіміз қажет. Мәселен, М.Әуезовтің «Абай жолы» романы ағылшын тіліне аударылмаса, Абайдай ғажап ақынымызбен қалай мақтанар едік? Ағылшын тілін

үйренгеннен біз мәңгүрттенбейміз. Ағылшын тілі — әлемдік бизнес тілі, мемлекеттік тіл — ұлт тілі. Мемлекеттік тілде сөйлеу — әрбір Қазақстан азаматының борышы. Ағылшын тілі қазақ тілін үйренуге ешқандай кедергі жасамайды. Тек соны түсіне білу керек. Әлемдік ғаламдандырудың өткізгіші, ғаламдандыру тілі болып танылған ағылшын тілін білу — ағылшын тілді елдермен тиімді байланысқа түскен әлемдік деңгейде өз орнын ойып тұрып ала бастаған Қазақстан үшін қажеттілік. Қиындық туғызатыны — аталған үш тілді меңгерген мамандардың кездесе бермейтіні.

Мәселені түбегейлі шешу үшін Қазақстанның жоғары оқу орындарында ағылшын, қазақ тілінен маман болып шыққан қазақ тілді қазақ және басқа ұлт өкілдерін үштілділікке ыңғайлап қайта дайындаудан өткізіп, оларға үштілділік маманы деген құжат табыс еткен жөн. «Заман Қазақстан» журналының журналисі Ахмет Аляздың берген деректері бойынша, Қазақстанда 98 американдық пен 81 ағылшын тұрады, амеркандықтардың 78-і ағылшынның, 71-і өз ұлтының тілін меңгерген. Бұл күллі тұрғынның 1 % құрайды. Ұлт деңгейінде алсақ, ағылшын тілін меңгергендердің тең жартысын жергілікті қазақтар құрайды. Басқаша айтқанда, ағылшын тілін меңгерген қазақ саны — 53 743, бұл — ұлт арасындағы үлкен көрсеткіш және күллі қазақтың 0,7 пайызы деген сөз [6].

Біздің мемлекеттік тіліміз тек Қазақстан аумағында ғана нәтиже бере алады. Біз бір зерттеу бағдарламасын жазамыз делік. Егер біз сол жұмысымызды ағылшын тілінде жазатын болсақ, онда біздің жұмысыңызға деген қызығушылық саны арта түседі. Қазіргі уақытта Қазақстанда өте көптеген ғалымдар көп. Бірақта көбінесе олар қазақ тілінде жазып әлемдік нарыққа жол аша алмайды. Сіздің үштілділікті білуіңіз тек жұмысыңыздың көркейуіне алып келіп қана қоймай, сонымен қатар сіздің шетел аралауыңызға да көп көмек береді. Қазіргі таңда қай елге барсаңыз да ағылшын тілі арқылы сіз араласа аласыз. Тіл білудің ешқандай ұяттығы жоқ. Сол себепті қазіргі таңдағы дамыған заманда тіл білу ол керісінші өзіңіз үшін жақсы.

#### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. А.Ж. Мамбетбаева, А.Е. Ниязова. Үштілділік-болашаққа апарар жол. 2017 ж <http://orleuastana.kz/kz/2017/11/shtildilik-bolasha-a-aporar-zhol/>
2. [https://aif.ru/society/people/skolko\\_v\\_kazahstane\\_russkoyazychnogo\\_naseleniya](https://aif.ru/society/people/skolko_v_kazahstane_russkoyazychnogo_naseleniya)
3. Қазақстан халқы Ассамблеясы – ел тарихында / Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитеті, Әлеуметтік-саяси зерттеулер институты. – Астана: –2014. – 266 б.
4. Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан - 2050» стратегиясы. 2012 ж.
5. Ю. Масанов. Всё что нужно знать о языках и языковой политике в Казахстане. 2018 г. Informburo.kz
6. <https://vawilon.ru/statistika-yazykov/>

УДК 8.81.811

### ИНОСТРАННЫЙ ЯЗЫК В ПОЛИЛИНГВАЛЬНОМ ОБЩЕСТВЕ КАЗАХСТАНА

Алимжанова Толғанай Кайратқызы

[a.tolganai@inbox.ru](mailto:a.tolganai@inbox.ru)

Студентка 2 курса факультета международных отношений ЕНУ им. Л.Н. Гумилева

Нур-Султан, Казахстан

Научный руководитель - К.О. Ергалиева

**Аннотация:** В данной статье рассматривается вопрос о полилингвистическом пространстве Казахстана, анализируются причины многовекторности языковой политики в